

**Шымкент қаласы бойынша Тексеру комиссиясымен жүргізілген «Мәдениет саласындағы мекемелер мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің атқарған қызметінің тиімділігін бағалау» аудиторлық іс-шарасының қорытындысы бойынша анықталған бұзушылықтарды алдағы уақытта болдырмау мақсатында аудит объектілерінің және бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органның жаупты қызметкерлерімен откізілген «Дөңгелек үстел» семинар кеңестін**

**ХАТТАМАСЫ**

Шымкент қ.

№ 57

30 қыркүйек 2022 жыл

Тексеру комиссиясының төрағасы Н.А. Налибаев төрағалық етті.

Хатшы - Г. Бармакова

**Қатысқандар:** Тексеру комиссиясының мүшелері М.Т.Балқыбеков, А.Е.Балықбаев, Н.А.Абдезов, Ж.Ж.Сәдібеков және тексеру комиссиясының мемлекеттік аудиторлары.

**«Дөңгелек үстел» семинарға қатысқандар (әрі қарай-семинар):**  
Шымкент қаласы мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасының коммуналдық мемлекеттік мекемелермен жұмыс жүргізу бөлімі басшысының м.у.а. А.Нұрлыханұлы және бас маман С.Айтжанова, сондай-ақ мәдениет ұйымдарының үйлестіру бөлімінің бас маманы К.Оспанов. Сонымен катар, Ж.Шанин атындағы академилік қазак драма театры» МКҚК директоры Қ.Қарғабаев және бас есепшісі Е.Абдразахов; «Шымкент қаласының орыс драма театры» МКҚК директоры И.Вербицкий және есепшісі Е.Кенже; «Шымкент қаласының әзіл-сықақ және сатира театры» МКҚК директоры Б.Амиркулов және бас есепшісі Ә.Ахметова; «Шымкент қаласының орталықтандырылған балалар кітапханалар жүйесі» КММ инновациялық және әдістемелік жұмыс бөлімінің менгерушісі Ф.Турғамбаева және бас есепшісі Ж.Маженова; «Әл-Фараби атындағы ғылыми-әмбебап кітапхана» КММ директоры А.Жаппаркулова және бас есепшісі С.Боранбаева; «Шымкент қаласының орталықтандырылған көпшілік кітапханалар жүйесі» КММ директоры Н.Жуманова және бас есепшісі Ж.Бахова; «Шымкент-цирк» МКҚК директоры Б.Айтымбет және бас есепшісі А.Косқараева; «Шымкент қаласының зоологиялық бағы» МКҚК бас есепшісі Н.Туйчиева.

**Күн тәртібі:**

1. Аудит барысында анықталған бұзушылықтарды талдау және оларды болдырмау.

**Баяндамашы:** Тексеру комиссиясының мүшесі А.Балықбаев.

**Тыңдалғаны:** А.Балықбаев өз баяндамасында аудит қорытындысы бойынша анықталған жүйелі кемшіліктерге тоқталды:

Бұл, бюджет субсидияларын тиімсіз жоспарлаған және тиімсіз пайдаланған; ұсынылған бюджеттік өтінімдерде есептеулердің негіздемелері бюджеттен бөлінген сомаға қамтамасыз етілмеген; бекітілген қызмет көрсету тарифтердің құны бойынша есептеулер жасалмай, өз ұсыныстары негізінде бюджеттік бағдарлама әкімшісімен бекітілген; ақылы қызмет бойынша мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары әзірленбegen, бекітілмеген, сәйкесінше мемлекеттік сатып алу веб-порталыны ілінбegen, яғни осы ұйымдарда мемлекеттік сатып алу веб- порталын қолданбай, тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу бойынша тек қағаз түрінде келісім-шарт жасаған; даму жоспарында сандық сипаттамасын көрсететін тікелей және түпкі көрсеткіштер тиісті деңгейде жоспарланбаған, осыған байланысты, негізгі көрсеткіштердің орындалуын талдау және даму жоспарларының негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізуін бағалау, оның Шымкент қаласының 2018-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасының көрсеткіштеріне сәйкестігін бағалау мүмкін емес. Сонымен бірге даму жоспары мен жылдық есептері [www.gosreestr.kz](http://www.gosreestr.kz) порталға кешіктіріліп, тапсырылған.

Сондай-ақ, міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарында кіші бюджеттік бағдарламалар және ерекшіліктер бөлінісінде өзгерістер енгізу бойынша ұсыныс Шымкент қалалық мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасына берілмей, кассалық қаржыландыру өз бетінше жүргізген.

Сонымен катар, 2018-01.07.2021 жылдың жағдайына бюджеттік субсидиялар алу үшін бюджеттік бағдарлама әкімшісіне ай сайын залалдарын жабу есептерін тапсырмаған, яғни мұлдем әзірлемеген. Бұл ретте, Шымкент қаласының мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасы тарапынан субсидия алатын ведомствоның бағынысты ұйымдардан бұл есептің жасалынуы талап етілмегенін атап өтті.

Жоғарыдағы айтылғанға байланысты, мәдениет ұйымдарының Қазақстан Республикасының заңнама талаптарын сактамау салдарынан жалпы сомасы 6 476 019,2 мың теңге көлемінде бюджет және өзгеде заңнама талаптарының сакталмауына жол берілгенін атап өтті, оның ішінде: қаржылық бұзушылықтар 5 779 137,1 мың теңге, тиімсіз жоспарлаған 321 874,4 мың теңге, тиімсіз жаратылған 375 007,7 мың теңге.

Сонымен қатар, жіберіп алған пайданың сомасы 12 878,4 мың теңге және рәсімдік сипаттағы бұзушылықтардың саны 177 бірлікті құрағанына тоқталды.

**Сөз сойледі:** Шымкент қаласы мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасының коммуналдық мемлекеттік мекемелермен жұмыс жүргізу бөлімі басшысының м.у.а. А.Нұрлыханұлы және мәдениет ұйымдарының үйлестіру бөлімінің бас маманы К.Оспанов, «Шымкент-цирк» МКҚК директоры Б.Айтymbет, Ж.Шанин атындағы академилық қазақ драма

театры» МҚҚК бас есепшісі Е.Абдразахов және басқалар талқыланып отырған мәселеге байланысты өз ой-пікірлерін айтып өтті.

Баяндамашы және сөз сөйлегендер бюджеттен болінген қаржыларды, субсидияларды жоспарлау және іске асыру, ақылы қызметтен түсетін қаржыны жопарлау және пайдалану, бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есептілікті жасау барысында жиі қайталанатын бұзушылықтарға тоқталып, алдағы уақытта оларды болдырмау мақсатында қаржы қызметкерлері тарапынан атқарылатын іс-шаралар туралы өздерінің пікірлері мен ұсыныстарын талқыла салды.

**Семинар қорытындысымен шешім етті:** Баяндамашының, қосымша сөз сөйлегендердің ұсыныс-пікірлері және Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің талаптары, Мемлекеттік сатыр алу Заңың талаптары, Бухгалтерлік есеп туралы Заңың талаптары, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы №511 бұйрығымен бекітілген "Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қағидаларының талаптары, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 16 қарашадағы «Мемлекеттік театрларға, концерттік ұйымдарға, мәдени-демалыс ұйымдарына, музейлерге және цирктерге субсидиялар төлеу қағидаларын бекіту туралы» №354 бұйрығын талаптары қаржылық-шаруашылық қызметін жүргізу барысында басшылықта алынсын.

Семинар кеңес төрағасы

*Н. Налибаев*

Н. Налибаев

Хатшы

*Г. Бармакова*

Г. Бармакова

*Д. Абдразахов*